ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ
ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТТЕУ
ЖӘНЕ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ҚОРҒАУ
КОМИТЕТІНІҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ КОМИТЕТА
ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ ЕСТЕСТВЕННЫХ
МОНОПОЛИЙ И ЗАЩИТЕ КОНКУРЕНЦИИ
МИНИСТЕРСТВА НАЦИОНАЛЬНОЙ
ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

31 декабря 2015 года № 178-ОД

Алматы қаласы

город Алматы

«Бейнеу-Шымкент Газ Құбыры» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тауарлық газды магистральдық газ құбыржолдары арқылы тасымалдау қызметіне 2015-2019 жылдарға арналған тарифтердің шекті деңгейлерін және тарифтік сметаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 2015 жылғы 23 қазандағы № 221-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

«Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 3-тармағына «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Бейнеу-Шымкент Газ Құбыры» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тауарлық газды магистральдық газ құбыржолдары арқылы тасымалдау қызметіне 2015-2019 жылдарға арналған тарифтердің шекті деңгейлерін және тарифтік сметаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 2015 жылғы 23 қазандағы № 221-НҚ бұйрығының 1-тармағы келесідей редакцияда жазылсын:

«Бейнеу-Шымкент Газ Құбыры» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тауарлық газды магистральдық газ құбыржолдары арқылы тасымалдау қызметіне 2015-2019 жылдарға арналған тарифтердің шекті деңгейлерін және тарифтік сметаны, 2016 жылдың 1 наурызынан бастап қолданысқа енуімен:

1) 18 071,0 теңге/1000 $м^3$ ҚҚС-сыз мөлшерінде тарифі;
2) осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес, тарифтік сметасы бекітілсін».

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімі (Б. Қайырбек) осы бұйрықты «Бейнеу-Шымкент Газ Құбыры» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің назарына жеткізсін.

001342

3. «Бейнеу-Шымкент Газ Құбыры» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тарифтердің шекті деңгейін енгізу туралы ақпаратты тұтынушылардың назарына оларды қолданысқа енгізгенге дейін кемінде күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық 2016 жылдың 1 наурызынан бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1-тармағын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшы **Б. Самбетов**

ҚҰЖАТТАР ҮШІН